ТБ – Эйр Астана

Мемлекет	Қазақстан
Проект нөмірі	52461
Бизнес секторы	Транспорт
Мемлекеттік/жекеменшік сектор:	Мемлекеттік
Қоршаған орта категориясы:	B
Бекіту күні:	14 сәуір 2021 жыл
Статусы	**Бекітілген**
Жобаның қысқаша мазмұнын ағылшын тілінде жариялау күні:	31 тамыз 2021 жыл *Ақпаратқа қол жеткізу саясатының III бөлімінің 2.6 тармағымен рұқсат етілгендей, осы жобаның қысқаша мазмұнын ашу Ақпаратқа қол жеткізу жөніндегі директиваның 1.4.4 тармағына сәйкес кейінге қалдырылды.*

Жобаның Сипаттамасы

Бұл жоба Банктің COVID-19 пандемиясына қарсы әрекеті аясында мақұлданды. Осы жобаны жүзеге асырудағы кідірістерді болдырмау үшін Банк Президенті Ақпаратқа қол жеткізу жөніндегі директиваның V бөлімінде қарастырылғандай жобаның қысқаша мазмұнын ашуды әдеттегі мерзімдерінен ауытқытуға рұқсат берді. Банктің COVID-19-ға әрекеті және аталған ауытқу туралы мәліметтерді біздің веб-сайттан табуға болады.

«Эйр Астана» Акционерлік Қоғамына (әрі қарай – «Компания») 50 миллион АҚШ долларына дейінгі мультивалюталық басым несие берілмек. Қаржыландыру Компанияға COVID-19 пандемиясына байланысты және одан кейінгі әуе қозғалысының шектеулерін басқаруда қолдау көрсету сонымен қоса ұшуды модельдеу жабдықтарын сатып алуды және онымен байланысты шығындарды қаржыландыру үшін екі траншпен беріледі.

Жобаның мақсаттары

Несие COVID-19 пандемиясының Компания қызметіне теріс әсерін шектеуге, операциялық қызметіне және алдыңғы жобаның өтпелі кезеңдегі табыстарын сақтауға көмектесу үшін пайдаланылады.

Өтпелі әсер

Өтпелі кезең әсерінің болжамды («ETI») ұпайы: 90

Төзімділік Бағдарламасы («RF») шеңберінде ұсынылған несиенің айналым капиталына арналған траншы бүгінгі күнге дейін қол жеткізілген өтпелі кезеңдегі жетістіктерін сақтауға; сондай-ақ бұрын әзірленген техникалық қызмет көрсету орталығының қуатын күрделірек техникалық қызмет көрсету тексерулерін («C-checks») жүргізу арқылы күшейтуге; үшінші тараптардың техникалық қызмет көрсету және тәжірибе жинау орталығына қолжетімділігін сақтауға; және жоғары деңгейдегі инженерлік және техникалық қызмет көрсетуге қолайлы жағдайлар жасауға көмектеседі. Ол әйелдердің осы оқу бағдарламаларға қатысуын арттыруға және соның нәтижесінде осындай рөлдерде өкілдік етуге ерекше назар аударылады.

Сонымен қатар, жоба аясында сатып алынатын ұшу тренажері Компанияның ұшқыштарды әлемдік деңгейдегі толық көлемдегі жаттығулармен қамтамасыз ету әлеуетін нығайтады. Бұл Орталық Азиядан келген басқа компаниялардың ұшқыштарына жоғары сапалы дайындық пен тәжірибе алуға мүмкіндіктер туғызады және Covid-19-ға байланысты халықаралық сапарларға қатысты шектеулерге қарамастан олардың біліктілігін үздіксіз арттыруға мүмкіндіктер береді.

Клиент туралы ақпарат

«Эйр Астана» Акционерлік Қоғамы

«Эйр Астана» АҚ – Қазақстан Республикасының флагмандық әуе тасымалдаушысы. Оның 51 пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ ұлттық әл-ауқат қорына және 49 пайызы BAE Systems компаниясына тиесілі.

ЕҚДБ-ның қаржыландыру сомасы

50 млн. АҚШ доллары

Жобаның жалпы құны

50 млн. АҚШ доллары

Қосымшалық қасиеті

Банк Covid-19 дағдарысы салдарынан қолайсыз нарықтық жағдайдан туындаған қаржыландыру жетіспеушілігін тиімді түрде шешеді, сондықтан Банктің қосымшалық қасиеті бар.

Экологиялық және әлеуметтік қорытынды

Жоба ESP 2019 жылғы басылымына сәйкес B экологиялық санатына жатады. Экологиялық және әлеуметтік департаменті Covid-19 пандемиясына байланысты Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеруді («ESDD») өз күштерімен Банк ішінде жүргізді және ол корпоративтік және COVID-19-ға байланысты сауалнамадан, растаушы құжаттарды қараудан, Компанияның Корпоративтік және Әлеуметтік Жауапкершілік («КӘЖ») есебін шолудан және

алдыңғы транзакцияның 2019 жылғы AESR-дан тұрды. Түскен қаражатты пайдалану айналым капиталына және ұшуды модельдеу жабдығын сатып алуға бағытталатындықтан және нақты физикалық активтерді сатып алуға бағытталмайтын болғандықтан, жобадан қоршаған орта және әлеуметтік тұрғыдан қосымша кері әсер күтілмейді. Компания өзінің қоршаған орта мен әлеуметтік басқару жүйесін Қоршаған ортаға катысты және әлеуметтік іс-қимыл жоспарын (ESAP) жасау және енгізу арқылы Банктің Тиімділік Талаптарымен (PR) сәйкестендіруі қажет.

ESDD нәтижелері Компанияның мемлекеттік ережелерді ұстанатынын және Компанияда қоршаған ортаны, денсаулықты және қауіпсіздікті басқару жүйесі енгізілгенін көрсетті. Компания өзіне қызмет көрсететін басқа компаниялардан қоршаған ортаны қорғаудың және еңбекті қорғаудың ұлттық стандарттарын сақтауды талап етеді. Компанияның әдеп кодексі (2019) жалпыға қолжетімді және қажет болған жағдайда Компания қызметкерлерінен тыс адамдарға да қолданылады. Компания OHSAS 18001 сертификатына ие және Компанияның еңбекті қорғау, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саясаты бар. IATA операциялық қауіпсіздік аудиті (IOSA) екі жыл сайын өткізіледі; соңғы аудит жақсы нәтижелермен сәтті аяқталды. Өндірістік қалдықтарды арнайы компаниялармен жиналып, сыртқа шығарылады. Жылына бір рет Компания уәкілетті органдарға қауіпті қалдықтар мен парниктік газдар туралы есеп береді. Жыл сайын Эйр Астана тәуелсіз аудиторлық агенттікке Еуропа Одағының эмиссиялық сауда жүйесі (ETS) және Халықаралық авиация үшін көміртегінің орнын толтыру және азайту схемасы (CORSIA) туралы есеп береді; тәуелсіз аудит жүргізілгеннен кейін есептер Германияның эмиссия сауда жүйесі бойынша уәкілетті органына өткізіледі.

Алдыңғы кешенді тексеру және корпоративтік сауалнама Компания қызметінің PR2 талаптарына сәйкес келетінін растайды. Дегенмен, Компанияда Гендерлік белгіге қатысты зорлық-зомбылық және құдалау (GBVH) саясаты жоқ болып шықты. Компанияның жұмысшылары мен басқа адамдардың шағымдарын қарауға арналған «Қорықпай айту» саясаты бар, бірақ бұл ұсынылған құжаттамада еңбек мәселелерін және GBVH жағдайларын шешу механизмнің рөлі анық емес.

Covid-19 пандемиясы көптеген халықаралық және ішкі рейстердің қысқаруына әкелді. Шығындарды үнемдеу шарасы ретінде Компанияның жұмыс күшінің көпшілігі тұрақты жалақысының 50 пайызы мөлшеріндегі жалақымен уақытша ақылы демалысқа жіберілді. 2021 жылдың ақпан айындағы жағдай бойынша, қызметкерлердің 60 пайыздан астамы толық жұмыс куніне қайта оралды және Компания жұмыс күшін одан әрі қысқарту шараларын жоспарлап отырған жоқ. ESAP Компаниядан еңбекақы төлеу шығындарын қысқартуды PR2-ге сәйкес жүзеге асыруды және еңбекақы төлеу шығындарын қысқартатын жағдайда ЕҚДБ-ін алдын ала хабарлауды талап етеді. COVID-19 сауалнамасы Компанияда COVID-19 вирусының таралуын шектеу бойынша шаралар қолданылғанын растады (жұмыс күшінің бір жерде жиналып қалуына шектеу қою; гигиена мен физикалық қашықтыққа қатысты міндетті шаралар). Қазіргі уақытта Компанияның Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу бойынша ресми жоспары (SEP) жоқ, бірақ тұтынушылармен онлайн кері байланыс механизмі

бар. Сонымен қатар, Компанияның Корпоративтік тұрақтылық туралы қорытынды есебі жыл сайын жарияланады.

Соңғы ESAP қолданыстағы 2015 жылғы ESAP-қа қосымша ретінде дайындалды. ESAP-тың ең соңғы қосымша тармақтары сексуалдық зорлық-зомбылық саясатын әзірлеуді, еңбек мәселелерін шешу үшін жұмысшылардың шағымдарын қарау механизмін өзгертуді және GBVH-ты қамтиды. ESAP компаниямен талқыланып келісілді. Банк Компанияның қоршаған орта мен әлеуметтік көрсеткіштерінің Банктің PR талаптарына сәйкестігін есептерді қарау, және, қажет болған жағдайда, мониторингтік сапарлар арқылы тексеруді жүргізе асырады.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

Жоқ.

Компанияның байланыс ақпараты

Қазына департаменті
treasury@airastana.com
www.airastana.com
Закарпатская көшесі 4А, Алматы, 050039

Жобаның қорытынды құжаты (PSD) соңғы рет жаңартылған күн

31 тамыз 2021 жыл

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді.

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168
Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email: procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (IAT) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭӘС пен IAT-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді7

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭӘС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойыша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;
Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа колжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.